

Орақбаева Айнұр Дюсембекқызының 8D08201 - «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қылшық жүнді құйрықты сарыарқа қой тұқымының (тұқымаралық жаңаарқа типі) төлдерінің еттілігінің қалыптасуы» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); <u>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</u> 3) диссертация Қазақстан Республикасының	Диссертацияның тақырыбы: «Қылшық жүнді құйрықты сарыарқа қой тұқымының (тұқымаралық жаңаарқа типі) төлдерінің еттілігінің қалыптасуы». 2021 жылғы қараша айының 05-ші жұлдызында бекітілген (№109-Д бұйрық). ҚР БҒМ ГФ 2018-2020 жж. АР 05131896 «Құйрықты қой тұқымдарының генотипін болжау бойынша қазіргі заманғы селекция әдістерін әзірлеу» бағдарламасы аясында орындалған.

		Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Докторанттың жүргізген ғылыми жұмысы қой шаруашылығы ғылымын қарқынды дамытуға елеулі үлес қосады. Диссертациялық жұмыста сарыарқа құйрықты қой тұқымының жанаарқа сүлесі төлдерінің еттілігі жан жақты зерттелген. Атап айтқанда аталық және аналық қойлардың зоотехникалық сипаттамасы анықталып, алынған жас төлдің өсіп жетілуі, қаңқа мен оның жекелеген бөліктерінің өсуі, ет өнімділігі, ет пен майдың сапасы зерттеліп, генетикалық маркерлерді анықтай отырып, гендік полиморфизмнің ет өнімділігіне әсері зерттелген. Сонымен қатар, жас төлдердің қан сары суындағы биохимиялық көрсеткіштері анықталып, жұмыстың экономикалық тиімділігі бағаланған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен;	Диссертация жоғары деңгейде жазылған. Ізденуші диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерді айқын келтіріп, зерттеу әдістемелері нақты таңдалып, алынған ғылыми нәтижелер дәйекті талданып,

		4) өзі жазбаған.	бөлімдер өзара тығыз байланысып, жинақты қорытынды жасалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1.Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген;</u> 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Қой шаруашлығында қозы етін өндіру өзекті мәселе болып табылады. Осыған орай диссертация қылышық жүнді құйрықты сарыарқа қой тұқымының жаңаарқа сүлесінің жас төлдерінің ет өнімділігінің қалыптасу ерекшеліктерін зерттеу осы салада ет индустриясын дамытудың өзектілігінің негізделген ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады.
		4.2.Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды;</u> 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толығымен айқындайды және ғылыми жұмыста қойылған мақсат пен міндеттерді барынша қамтиды.
		4.3.Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Ғылыми жұмыстың мақсаты сарыарқа құйрықты қой тұқымының жаңаарқа сүлесінің төлдерінің еттілігінің қалыптасуын зерттеу, яғни диссертация тақырыбымен толық сәйкес келеді. Ал, қойылған міндеттер осы мақсатқа жету үшін сәйкес келеді.
		4.4.Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері өзара сабақтасып, жүйелі түрде логикалық толық байланысқан

		1) <u>толық байланысқан;</u> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	және ғылыми ізденісте тұжырымдалған ережелері тақырыптың мақсат міндеттерін орындауда толығымен логистикалық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертацияда ізденуші ұсынған жаңа шешімдер осы саладағы ғылыми деректермен салыстырылып, жан жақты талданып шынайы дәлелденген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Жүргізілген ғылыми жұмыстың барысында алынған нәтижелер мен ережелер козы етін өндіруде бірден бір заманауи тиімді жаңа кешенді технология болып табылады, яғни, толығымен жаңа үрдіс.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	Диссертацияда аткарылған ғылыми жұмыстардың нәтижесінде 10 жаңа дәлелді қорытынды жасалған. Қорытындылар жүргізілген зерттеулердің сарапталуы мен талдауы бойынша тұжырымдалған,

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	шаруашылыққа берілген ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Технологиялық шешімдер толығымен жаңа, яғни, сарыарқа қой тұқымының жанаарқа типінің генетикалық әлеуетін жетілдіру бойынша селекцияның тиімді әдістері әірленіп, теориялық негізделіп, «Жеңіс» шаруашылығында осы типтің төлдерінің еттілігінің қалыптасуы жан жақты зерттеліп, оның экономикалық тиімділігі ғылыми тұрғыда дәлелденген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациядағы барлық қорытындылар жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде ғылыми тұрғыда шынайы дәлелдермен негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді;	7.1 Диссертацияда ізденушінің тұжырымдаған ережелері жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен дәлелденген.

	4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жок; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жок; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің	7.2 Диссертациялық жұмыста тривиалдылық жок. 7.3 Жаңа. 7.4 Тұжырымдалған ережелердің қолдану аясы кең және қозы етін өндіруде экономикалық тиімді. 7.5 Тұжырымдалған ережелер тиісті отандық ғылыми басылымдарда және Scopus базасындағы журналда жарияланып дәлелденген.
--	--	---

		дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.	Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің әдіснамасы дұрыс тандалып негізделген және әдістер нақты жазылған, сілтемелермен қамтылып шынайы сенімді ғылыми мәліметтер алынған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыс нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдана отырып алынған. Атап айтқанда SNP генотиптеу OvineSNP50 Genotyping BeadChip Illumina, Сан-Диего, Калифорния, АҚШ көмегімен жүзеге асырылған, оның құрамында 54 241 SNP бар және iScan жүйесінде Illumina, АҚШ жүргізілген. Карта мен пед-формат файлдары OvineSNP50 генотиптеу деректері негізінде құрылып, PLINK 1.90 бағдарламасында деректер сапасын бақылаудан өткізілген, GWAS үшін ұсынылған бірнеше сапа бақылау критерийлері қолданылған. ДНҚ -дан ет өнімділігі мен өсіп жетілу көрсеткішін анықтау мақсатында GDF9 генінің полиморфизміне талдау жасалған. Белгілердің генетикалық, селекциялық параметрлерін анықтау, сондай-ақ, эксперименттік зерттеулердің цифрлық материалдары бойынша Past компьютерлік


			бағдарламаларының көмегімен вариациялық статистика әдісімен өңделген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың жасалынған қорытындылары өзара тығыз байланысқан және эксперименттік зерттеулермен дәлелденіп, расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ ішінара расталған/ расталмаған.	Ізденуші таңдалған тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерге жан жақты сараптама жасап, сілтемелермен растап, зерттеуде алынған нәтижелерді дәлелді тұжырымдаған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/ жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмыста 111 ғылыми еңбектер қолданылған және олар тақырыбына сай. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар;	Диссертацияның теориялық маңызы бар және ол әсіресе козы етін өндіру технологиясында теориялық жағынан замануи жана бағыт

		2) жоқ.	болып есептелінеді. кең көлемде өндіріске өндіруге мүмкіндік береді.
		9.2Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңызы жоғары және алынған нәтижелерді практикада экономикалық тиімді қозы етін өндіруге кең көлемде өндіріске өндіруге мүмкіндік береді.
		9.3Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Докторант шаруашылыққа нақты практикалық жаңа ұсыныстар берген. Атап айтқанда, заманауи ДНҚ-технологияны ет өнімділігін арттыруда қолданудың тиімділігін және қойдың жаңа типтері мен тұқымдарын шығаруда қолдануды ұсынған.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары, түсінікті, стилистикалық тәсілмен жазылған.
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертацияның сапасын, құндылығын, және деңгейін төмендетпейтін орфографиялық кателіктер кездеседі.	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар	Орақбаева Айнұр Дюсембекқызының диссертация бойынша жазылған мақалалары зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі сәйкес келеді. Диссертация тақырыбы бойынша 5 ғылыми мақала жарияланған, оның ішінде Scopus базасында 1 мақала MDPI Journal List Genes, ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК құрамына кіретін басылымда 2 мақала, Халықаралық журналда 1	

	сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттын зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	мақала және 1 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағында.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы жаңаарқа типі) Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Орақбаева Айнұр Дюсембекқызының «Қылшық жүнді күйректі сарыарқа қой тұқымының (тұқымаралық жаңаарқа типі) төлдерінің еттілігінің қалыптасуы» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысы ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғарғы білім саласында сапаны қамтамасыз ету Комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған ғылыми жұмыс, ол «Дәреже беру» қағидаларының 2-тармағында көрсетілген диссертациялық талаптарына толық сәйкес келеді деп есептеймін және 8D08201 - «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді ұсынамын.

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТ:

Алибаев Нурадин - а.ш.ғ.д., профессор,
ҚР ғылым, техника және білім
саласындағы Мемлекеттік сыйлығының
лауреаты, ҚР еңбек сіңірген
өнертапқышы, «М. Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ,
«Жаратылыстану-техникалық ғылымдар»
ҒЗИ, «Биотехнология» ғылыми
орталығының басшысы



Мерзін «15» қазан 2025 жыл

Қолы растады:
Ғылым хатшы




Нуралиева А.Ж.